

6D080100 «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Алмас Ізмұратұлы Құрбанбаевтың «Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жоғары сапалы мал азығын алу үшін біржылдық мал азықтық дақылдардың өсіру технологиясының элементтерін жетілдіру» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

ШІКІРІ

Мал шаруашылығы саласы – Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы басым бағыттардың бірі. Мал шаруашылығының өркендеп, одан әрі дамуының бірден бір шарты тұрақты, берік мал азықтық база жасау болып табылады. Қазіргі уақытта өңірдің табиғи-климаттық жағдайлары тұқымдық агрофитоценоздарды құру үшін біржылдық және көпжылдық астық және бұршақ тұқымдас дақылдардың өнімділігі жоғары сорттарын таза күйінде және оларды бір-бірімен араластырып, қоспа күйінде де себу негізінде аймақтық мал шаруашылығын қажетті сападағы мал азығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, мал азықтық шөптер эрозия үрдістері мен шөлейттенудің алдын алудың ең жақсы әдісі болып табылады.

Ізденуші А.І.Құрбанбаев аталған мәселелерді ескере отырып, Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жоғары сапалы мал азығын алу мақсатында қоректік құндылығы әр түрлі болып келетін біржылдық мал азықтық дақылдардың түрлерін таңдау және олардың өсіру технологиясының элементтерін жетілдіру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Ізденуші А.І.Құрбанбаев зерттеу жұмыстарына қойылған міндеттерді толығымен дұрыс орындап, зерттеу нәтижесінде бір жылдық мал азықтық дақылдарын таза күйінде және аралас себілген дақылдардың өнімділігіне дақыл түрінің, себу және шабу мерзімдерінің әсері зерттеп, оңтайлы мерзімдері ретінде: себу мерзімінен мамырдың үшінші онкүндігін, ал шабу мерзімдері бойынша астық тұқымдас дақылдардың сүттеніп пісу және шашақтану кезеңдері, бұршақ және қырыққабат тұқымдастарының бұршаққап және бұршаққындарын түзу кезеңдерін таңдаған. Сондай-ақ бір жылдық мал азықтық дақылдарын таза күйінде және аралас себілген дақылдардың қоректік құндылығы бойынша астық тұқымдас дақылдардың түтікке шығу және масақтану кезеңдері, бұршақ және қырыққабат тұқымдастарының гүлдену кезеңдері жоғары көрсеткіштері алынған. сонымен қатар, Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында біржылдық мал азықтық дақылдарды таза күйінде және аралас себілген дақылдары және олардың түйіршіктерін мал азыққа өсірудің экономикалық және биоэнергетикалық тиімділігі бойынша астық тұқымдас дақылдардың сүттеніп пісу және шашақтану кезеңдері, бұршақ және қырыққабат тұқымдастарының бұршаққап және бұршаққындарын түзу кезеңдері болып табылған.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы.

Зерттеуден алынған мәліметтер біржылдық мал азықтық дақылдарын және олардың қоспаларының жетілдірілген өсіру технологиясының элементтерін басқа да аймақтарға қолдануға мүмкіндік береді. Қазақстанның құрғақ далалы аймағында дақылдарды өсірудің агротехникалық шаралары кешенінің (біржылдық мал азықтық дақылдардың түрлері, себу және шабу мерзімдері) және агрометеорологиялық жағдайлардың таза күйінде және дақыл қоспалары түрінде себілген дақылдардың өсіп-дамуына, тіршілік кезеңдерінің ұзақтығына, дақылдардың өнім құрылым элементтерінің қалыптасуына және өнімнің деңгейіне әсері зерттелді.

Мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарда жетілдірілген өсіру технологиясының элементтерін қолдана отырып, біржылдық дақылдарды және олардың қоспаларын өсіру арқылы қоректік құндылығы бойынша оңтайлы әр түрлі мал азығы түрлерін (көк балауса, пішен, түйіршіктелген мал азығы) алуға және олармен малдарды азықтандыруға мүмкіндік туады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ақмола облысының құрғақ далалы аймағы жағдайында алғаш рет көк балауса, пішен, түйіршіктелген мал азығын алу үшін қоректік құндылығы жоғары біржылдық мал азықтық дақылдардың және олардың қоспаларының өсіру технологиясының элементтері жетілдірілетін болады.

Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктер

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысандарына қатысты дақыл түрлерін таңдап және зерттеу жұмысына қойылған барлық талаптар орындалып, сақталып жазылған ғылыми жұмыс. Ғылыми жұмыстарға лайықты мазмұндылығы мен техникалық талаптары толық сақталған.

Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі

А.І.Құрбанбаевтың «Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жоғары сапалы мал азығын алу үшін біржылдық мал азықтық дақылдардың өсіру технологиясының элементтерін жетілдіру» атты диссертациялық жұмысы мал шаруашылығы саласындағы көкейкесті мәселелерін айқындаумен, бір жылдық мал азықтық дақылдарды араластырып себудің, шабудың тиімділігі тұстарын тәжірибелік жолмен негіздеп берумен айқындалады.

Диссертацияда ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша 11 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде 3 мақала ҚР ҒБСБК Scopus дерекқорына енгізілген халықаралық басылымда 1 мақала, шетелдік басылымдарда 1 мақала, Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарда 2 мақала, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында 4 мақала жарық көрген. Қазақстан Республикасының пайдалы модельіне 1 патент алынған.

Диссертацияның қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс.

Алмас Измұратұлы Құрбанбаевтың 6D080100 «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстанның құрғақ далалы аймағы жағдайында жоғары сапалы мал азығын алу үшін біржылдық мал азықтық дақылдардың өсіру технологиясының элементтерін жетілдіру» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, толығымен аяқталған, диссертациялық ғылыми жұмысқа қойылған талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп қорытынды бағамды беремін. Алмас Измұратұлы Құрбанбаевтың 6D080100 «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

**Ғылыми кеңесшісі,
а.ш.ғ.к,
қауымдастырылған
профессор м.а.**

А.А.Байтеленова

